

ҒТАХА 16.01.09

DOI: <https://doi.org/10.62724/202440206>

Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы*¹

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 194, sabir_uralsk@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-7281-4167

Ержигитова Гульден Кайратовна²

Оқытушы, ЖШС «SCANDIC International school», Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Қайрат Жұмағалиев көшесі, 18., erzhigitova97@mail.ru, ORCID ID: 0009-0000-7578-6165

Бөкенбай Ерасыл Мұратұлы

Оқытушы, Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж, Қазақстан Республикасы, 090000, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 173, erasyl_uralsk@mail.ru, ORCID ID: 0009-0001-5691-2821

**АЛТЫН ОРДА -ҚЫПШАҚ ДӘУІРІ ЖАЗБА МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ҒАЛАМНЫҢ
КОНЦЕПТУАЛДЫ МОДЕЛІ**

Аңдатпа. Мақалада Алтын Орда – Қыпшақ дәуірі әдеби жәдігерліктерін бір тұтас лексикалық мәдени мұра деңгейінде зерттелген. Әдеби шығармалар тілі кешенді бағытта қарастырылып, қазақ рухани мәдениетімен жалғастығы дәлелденген. Алтын Орда – Қыпшақ дәуірінде жазылған әдеби шығармалар қыпшақ-оғыз аралас тілде жазылған. Белгілі А.Зайончковский, А.Ибатов, Ә.Құрышжанов сияқты ғалымдардың орта ғасырларда біртұтас орта түркі әдеби тілі қалыптасты деген пікірі – аса өзекті. Бұл дәуір жәдігерліктері қыпшақ элементі басымырақ келген аралас тілді болғандығы біршама зерттеулерде дәлелденді. Қыпшақ тілі елаарлық тіл деңгейінде қызмет етіп, ұланғайыр Ұлы Даланың бар тарапында қолданысқа ие болып тұрған. Билік басында монғол текті әулеттер болғанымен мәдениеттер текетіресінде қыпшақ мәдениеті үстем болғандығын жазба деректерден байқаймыз. Сондықтан зерттеудің негізгі мақсаты тарихи, тілдік үдерістерді ескере отырып, «тіл мен ұлт біртұтас» ұстанымымен байырғы қыпшақтық мәдениет пен бүгінгі қазақ дүниетанымының ортақтығы, ғаламның концептуалды моделін лексикалық мәліметтермен ашуды көздейді. Алдына қойылған міндетті жүзеге асыру үшін ғаламның концептуалды моделін мазмұнына мәйек болар тілдік бірліктерге, тұрақты тіркестерге этномәдени бағытта зерттеу жүргізілген.

Жазба ескерткіштер мәтініндегі фразеологизмдер ұлттық дүниетаным-көзқарастан мәдени-рухани мәлімет беретіндігі айшықты деректермен толық дәлелденген. Осы деректер қазақы ой таным-түсінікпен, дүниетаныммен селбесіп, жалғасып тіл мен ұлттың тарихтың ұзын бойында бірлесе, сабақтаса қалыптасқанын білдіреді.

Байырғы қыпшақтық әдеби жәдігерліктердің мәтініндегі фразеологизмдерге этнолингвистикалық, этномәдени зерттеулер жүргізу арқылы Алтын Орда халқының рухани мәдениетін көруге болады. Жазба мұралар тілінен ғаламның концептуалды моделі, дүниенің ұлттық тілдік бейнесі байқалады.

Кілт сөздер. Жазба жәдігерліктер, ғаламның концептуалды моделі, фразеологизмдер, қыпшақтар, дүниетаным, мәдениет.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Орта ғасыр жазба ескерткіштері тілі – рухани, мәдени құндылықтар әлемі» АР 19679282) тақырыбындағы жоба аясында дайындалды.

Кіріспе. Соңғы жылдарда Мәдени мұра, Халық тарих толқынында сияқты бағдарламалар бойынша атқарылған шаруалар, ғылыми-ізденістер халықтың тарихи жадын жаңғыртқан, игі шаралар еді. Қазақ жұртының ел болып бір орталыққа ұйысуында, қазақ тілінің даралануында Дешті Қыпшақ кезеңі, Шыңғысхан жорығының нәтижесінде Алтын Орданың құрылуы үлкен рөл атқарады. Алтын Орда – Қыпшақ дәуірінде жазылған әдеби шығармалар тілінен ұлттық тіліміздің қалыптасу, қазақ ру-тайпаларының тұтастану процестері нақты көрінеді. Мемлекет, қоғам қайраткерлерінің бағамдауынша, бүгінгі Жаңа Қазақстандағы жаңғыру үдерісі ұлттың жүріп өткен тарихынан бас тартып, жаңа бастамаларға, тың ұстанымдарға мойын бұру емес, керісінше ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүрлерімізді, рухани дүниетанымымызды жаңа ғасырдағы үрдістермен үйлестіре отырып дамыту болып табылады.

Алтын Орда – Қыпшақ дәуірі көркем әдеби шығармаларын лингвомәдени, этномәдени тұрғыдан зерделеу қазақ тілі мен ұлттық дүниетанымның өркендеу, нықталу, айқындалу процестерін көз алдымызға келтіреді. Осы дәуірінде жазылған әдеби шығармалардың бір тобында оғыз тілі басым болса, енді бір тобында қыпшақ тілі басымдық келіп, аралас тілдік сипатта өрілді. Түркітанушы А.Зайончковский, Ә.Құрышжанов, А.Ибатов сияқты түркітанушы ғалымдар XIII ғасырда жалпыға ортақ орта түркі жазба әдеби тілі қалыптасты деген маңызды тұжырымға келді. Осы орта түркі жазба әдеби тілінің негізі қыпшақ тілі болғандығына тарихи да, тілдік те мәліметтер көп.

Қыпшақ тілі еларалық, ұлтаралық қарым-қатынас тілі деңгейінде Ұлы Даланың бар тарапынан, ат тұяғы жеткен жерлерден естіліп тұрды. Алтын Орда тұсындағы ресми іс-құжаттар да осы көне қыпшақ тілінде жазылды. Бұған Тоқтамыш ханның, Тайдолай қатынның жарлықтары толық дәлел бола алады.

Зерттеу материалдары мен әдістер

Орта ғасырларда, әсіресе Алтын Орда тұсында жазылған шығармалардың тіл тарихы, ұлт тарихы үшін маңызы зор. Олар Құтыптың «Қысырау мен Шырын», Сейф Сарайидың «Гүлстан бит-түрки» дастандары, Хорезмидің «Мұхаббат-намесі», Махмуд бин Али әл-Кердерінің «Нәқдж әл-фарадис» атты қара сөзбен жазылған шығармасы.

Осы әдеби көркем, діни-танымдық шығармалар барлық түркі тектес ұлт пен ұлыстардың, соның ішінде қазақ жұртының рухани жәдігерлері болып табылады.

Зерттеу мақсатына сәйкес әдеби көркем, діни-танымдық шығармалардың мәтіндері, сөздіктері пайдаланылды. Зерттеу барысында, әдеби көркем шығармалардың мәтінімен жұмыс істеуде тандау, іріктеу, тілдік бірліктерді жүйелеу, этномәдени мағынасын ашу үшін компонентті талдау, тарихи-салыстырмалы әдістер пайдаланылды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Бүгінгі таңдағы ғылыми зерттеулерде қолданылып жүрген *ғалам бейнесі, ғаламның концептуалды бейнесі, ғаламның тілдік бейнесі* атты терминдер бірінен-бірі туындайтын, бірлікте, сабақтастықта өмір сүретін ұғымдар. Сайып келгенде, ғалам бейнесі – нақты дүние болғанымен ылғи өңін өзгертіп, құбылып отыратын шындық, ал ғаламның концептуалды бейнесі – шын болмыстың интерпретацияланған бейнесі, ол бірнеше концептілерді бойына жинақтап, вербалды тұлғада көріне алады. Ғаламның концептуалды бейнесінің вербалданған бөлігін ғаламның тілдік бейнесі деп атаймыз. Ғаламның концептуалды бейнесі тілдік бейнеге қарағанда үнемі өзгеріп отырады, дегенмен ғаламның тілдік бейнесінің кейбір бөліктері

ұзаққа сақталады және халықтардың таным-түсінігіне қарай ғаламның тілдік бейнесі әрқилы болады. Сайып келгенде мәдени-ұлттық ерекшеліктермен тығыз байланысты.

Бүгінгі қазақ тілінің сөздік қоры өте бай, фоно-морфо-семантикалық жүйесі жетілген әлеуеті зор – тіл. Бұндай жағдайда жету үшін ол соқтықпалы, соқпақсыз жолдардан өтті.

Тіліміздің бүгінгі әдемі қалпы, оның тұла бойына тұнған ғаламның тілдік бейнесі – мыңдаған жылдарды артқа тастап өсудің, жетілудің нәтижесі. Қазақ ұлтының рухани-мәдени дүниетанымының тарихи жолдарын, шиырларын орта ғасыр жазбаларындағы байырғы қыпшақ әлемінің тілдік ақпараттары арқылы саралап, зерделеу қазақтану үшін игілікті іс болып табылады. Өйткені бұл тіліміздің бойына тұнған рухани-мәдени таным әлемін ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар қазақы мәдениетіміздің арналарын түгендеп, ұлттық дағды-дәстүрлердің, дүниені танудың өзіндік бейнесін ашады. Қандай да бір тіл жамағаттың қарым-қатынасқа түсетін қажеттілігін орындай отырып, ұлттық мәдениеттің таңбасы бола алады. В.Гумбольдттың айтуынша: «Тіл ұлттың рухани дүниетанымының сыртқа шыққан көрінісі, яғни ұлттың тілі – оның ішкі жан дүниесінің сәулесі, ұлттың қаны тіл күретамырының бойымен жүріп отырады».

Адамтанымдық лингвистикада ұлттық дүниетаным мен құндылықтарды халықтың ой топшылау құзіреттілігін сол жұрттың тілдік деректеріне, лексикалық қорына, сөз саптау мәдениетіне арқа сүйей қарастыру толымды нәтиже береді. Тіл жетегімен орныққан мәдениетті, ғаламның тілдік бейнесін саралау көкейкесті мәселе екені анық.

Тіл білімінде ең алғаш В.фон Гумбольдт, Э.Сепир зерттеулерінде халық рухы тілмен сабақтастырыла қарастырылып, тілдің ұлттық сипатын айқындайтын ғалам бейнесі қарастырылды. Кейінгі уақытта бұл мәселе Н.И.Толстой, А.Вежбицкая, Т.В. Цивьян, Г.В.Колшанский, В.Н.Телия т.б. тілші ғалымдардың іргелі ғылыми зерттеулерінің тақырыбы ретінде сөз болды. Қазақстанның тілші ғалымдары антропологикалық зерттеулерді жандандыра отырып, ғылыми айналымға ғаламның тілдік бейнесі, ғаламның концептуалды бейнесі, дүниенің қарапайым бейнесі, концепт терминдерін көптеп қолдана бастады. Э. Сүлейменова, Ж. Манкеева, Е. Керімбаев, Н.Шаймерденова, Г. Смағұлова, С. Сәтенова сынды ғалымдар тіл мен ой топшылау, тіл мен дүниетаным, тіл мен қоршаған орта, тіл мен рухани мәдениет жалғастығына, байланыстылығына орай құнды ғылыми тұжырымдарын ортаға салды.

Үстіміздегі жиырма бірінші ғасырда қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоконцептология ғылыми арналары біршама жоғары деңгейде даму үстінде. Сондықтан дүниенің тілдік бейнесі, ғаламның тілдік бейнесі ұғымдары кеңінен қолданыла бастады.

Ғаламның тілдік бейнесінің дара ұлттық сипаты әр халықтың өмір сүру тәжірибесіне, білім-білігіне қарай әртүрлі болады. Сайып келгенде тілдік бейненің таңбалаушы әрекеті қоғаммен, қоршаған ортамен байланысымен қатар, тілді алып жүруші этностың жиған-тергенімен, білгенімен, ойға түйген, санаға тоқыған білімімен сабақтастықта болады. Ғалам бейнесінің ұлттық сипаты этникалық мәдениетпен тығыз байланыста өмір сүреді. Г.А. Брутян, Р.И. Павиленис, Ю.Н. Караулов сияқты ғалымдар «ғалам бейнесі» деген сөз тіркесінің орнына «ғалам моделі» деген терминді қолданысты ұсына отырып, оны: 1) ғаламның концептуалды моделі; 2) ғаламның тілдік моделі деп екіге бөліп қарастырады. Белгілі зерттеуші Ю.Н. Караулов тілдік ғалам бейнесі мен концептуалды ғалам бейнесінің ара жігін нақты ажыратып шекара сызып қою тым қиын екенін айта келіп, мынадай тұжырым білдірді: «ғаламның тілдік моделі мен ғаламның концептуалды моделінің арасындағы шекара тұрақсыз әрі белгісіз»[1, 23]. Дегенмен ғалым ғаламның тілдік моделінде сөз семантикасының өрісі, ғаламның концептуальдық моделінде сана константы басты роль ойнайтынын белгілеп берді. Ал В.Н. Телия тіл мен

ғаламның концептуалды моделі ара жігіндегі сабақтастық тілдік лексемалардың мән-мағынасына қатысты екенін айта келіп: «тіл өзінің мағыналар системасы және олардың ассоциациялары негізінде ғаламның концептуалды моделіне ұлттық-мәдени бояуды сіндіреді» деп пікір білдірді. Тіл мен ой топшылауды шендестіруге болмайтындығы сияқты ғалам бейнесі мен ғаламның тілдік бейнесін өзара салғастыруға болмайды. Ғаламның тілдік бейнесі тілдік лексемалардың ішкі тұлғасы, сөз, сөйлем, сөз семантикасының өзгеруі, оның ауыспалы мәнде қолданысқа түсуі, көңіл күйді білдіретін реңктер т.б. тәрізді «тілдің мағыналық елегінен өткен системада құрылатын болса, дүниенің концептуальдық бейнесі тіршілік иесінің ой жүйесі мен таным-түсінігіне байланысты болады. Әлемнің қағидалары, дүниенің шындығы тек қана адамның концептуальдық білік, таным құрылымында анықталады, суреттеледі. Дүниетаным жүйесі – ойлаудың нәтижесі, ол тіршіліктегі тәжірибе негізінде пайда болған ішкі (санадағы) әлем моделіне бағынады» [2,15]. Халықтың дүниеге, қоршаған жанды-жансыз ортаға деген көзқарасы дара және қоғамдық тілдік сана арқылы туындайды. Ғаламның концептуалды бейнесі жекелеген адамның ой-жүйесінде әрқилы деңгейде орын алып, тіл жүйесінде әртүрлі суреттеледі. Осыларды анықтайтын тірек жағдаяттар – адам баласының білім-білігі, ата-анадан, мектептен алған тәрбиесі, жас ерекшелігі, өмірлік тағылымы, әлеуметтік өмір сүру деңгейі, өмір туралы психикалық таным-түсінігі, өмір сүріп жатқан дәуірі т.б.

Ұлт мүшелерінің әлемге, қоршаған дүниеге деген даралық сипаттағы концептуалды және логикалық-пәлсапалық көзқарасы, дүниетанымы болуы заңдылық. Ғаламның тілдік бейнесі дүниені тану және білген, көрген құбылысты тілдік құралдарымен суреттеудің лексикалық, рухани-мәдени ерекшелігін нақтылауға жағдай мүмкіндік жасай отырып, тілдік логикалық, семантикалық дара мән-мағына түзеді.

Тіл мен менталитетті, болмысты сабақтастықта, бірыңғай дәрежеде қарастырудың негізгі арнасы – когнитивтік лингвистика. Қазіргі таңда тілтану ғылымында тілді ұлттың рухани-мәдени байлығының басты қоймасы ретінде зерделеудің аясы өрістеп келеді. Шынында әрбір тіл сол тілді алып жүруші ұлттың тарихын, рухани мәдениетін, дүниетанымын, өзіндік талғамын, мінез-құлығы мен салт-санасын, кәсібін, дәстүрі мен ұлылығын кешенді түрде жинап, сақтайтын таңбалық жүйе. Мұның өзі сайып келгенде қазіргі қазақ тілтану ғылымында тіл мен мәдениет байланыстылығын, атап айтқанда, тіл жүйесіндегі ұлттық белгіні, таңбаны, руханиятты зерделеуге бағытталған когнитивтік лингвистика, оның лингвомәдениеттану, этнолингвистика т.б. ғылым салаларының дамуына өзек болып отыр. Осы ғылым салаларының тұжырым, қағидалары жазба жәдігерліктердің тілі негізінде қыпшақтық және қазақы ұлттық мәдениетті, таным-түсінікті байланыстыра қарастырып, ғаламның тілдік бейнесін көрсетуге мүмкіндік туғызады.

Орта түркі дәуіріндегі жазба мұраларды кешенді түрде зерттеу – қазақ тілі тарихы мен түркітанудың өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Байырғы қыпшақ тілінің және сол тілден өсіп, өнген қазақ тілінің тарихын зерттеуде Алтын Орда – Қыпшақ дәуірі жазба ескерткіштерінің тіліне жүгінеміз. Олар Құтыптың «Қысырау мен Шырын», Сейф Сарайдидің «Гүлистан би-түрки», Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Махмуд бин Али әл-Кердерінің «Нахдж әл-Фарадис» атты шығармаларында ұшырасатын тілдік лексемаларды саралай келе этномәдени көрінісін белгілей отырып, ғаламның ұлттық тілдік бейнесі ретінде қарастыру аса көкейкесті мәселе болмақ. Ғаламның тілдік бейнесін қалыптастыруда тұрақты тіркестер негізгі рөл атқарады. Тілдің лексика-грамматикалық, стилистикалық қызметі арқылы қалыптасатын ғаламның фразеологиялық бейнесі ғаламның тілдік бейнесінің негізгі құрылымдық бөлігі болып табылады. Жазба жәдігерліктердің мәтінінде кездесетін фразеологиялық оралымдарды

қазақ тіліндегі баламаларымен шендестірсек, біртұтас кешенді ойды бір дәрежеде беруімен бір ұлттың мұрасы екені аңғарылады. Бұл фразеологиялық оралымдардан ғаламның ұлттық тілдік бейнесі нақты байқалады.

Ғаламның тілдік бейнесі тілді алып жүрушінің дүниетанымындағы, ой-жүйесіндегі ұлттық-мәдени суретті көрсетеді. Осы бағытта О.А.Корниловтың «Ғаламның ұлттық тілдік бейнесі – тарихи даму кезеңіндегі этностың сыртқы әлемді ұжымдық санамен тануының нәтижесі. Сыртқы әлем мен таным ұлттық тілдегі ғаламның тілдік бейнесін тудыратын негізгі екі фактор»[3,140],-деген пікірінің маңызы зор.

Жазба жәдігерліктер тіліндегі тұрақты тіркестердің тұла бойында қазақ ұлтына тән рухани-мәдени мәліметтер ұшыраса ма деген сауал туады. Сайып келгенде образды, бейнелі тұрақты тіркестер этностың дүниетаным жүйесінен, күнделікті өмір сүру жағдайынан, кәсібіне, үй шаруасына қолданған құрал-жабдығынан, қазан, ошақ басындағы ішіп-жемнен ақпарат береді. Белгілі ғалым Ә.Т.Қайдаровтың пікірлеріне сүйенсек, ұлттың тарихтың күрделі жолдарында жүрген ізі бүгінге көктастарға, жартастарға түсірілген ойма жазулар арқылы, әдеби ескерткіштер мен әрқилы құрылыстар кейпінде жеткізілуі ғажап емес. Дегенмен бұлардың барлығы этнос өмірінің бұлды-бұлдыр елесі ғана. Ал ұлттың нақты өзіндік даралығы, ұлылығы, таным-түсінігі, дүниетанымы тек тіл жүйесінде көрініс табады. Әрбір кезеңде тіршілікке пайдаланылатын құрал-сайманның, қару-жарақтың, киген киім мен ішкен тамақтың, күнделікті тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ұлттық ойындарға, той атқару дәстүріне байланысты ұғымдардың атаулары, сыр-сипаты т.б. тек тілдеректері ретінде ғана, яғни жеке тілдік бірліктер мен сөз тіркестері, тұрақты тіркестер мен пареиялық қор арқылы ғана бізге жетуі ықтимал [4,34]. Яғни тілдің арқасында ұлтты танымыз. В.Фон Гумбольдттің «тіл халық рухының, жан-дүниесінің, оның таным-түсінігі мен ділінің көрінісі» деген тұжырымына негізделген антропологиялық тіл білімі Қазақстанда жоғары дейгейде даму үстінде деп айтуға болады. Тіл мен мәдениетті байланыстырған этнолингвистика ғылымының басты теориялық негіздерін қалыптастырған академик Ә.Т.Қайдаров болса, осы бағыттағы Р.Ғ.Сыздықова, Е.Жанпейісов зерттеулерінде өрісін тапты.

Кең жазира даланы мекендеп, қара жерді төсеніп, көк аспанды жамылғы етіп, жарау атқа мінген ата-балаларымыз қалдырып кеткен, солардан бүгінге жеткен салт-дәстүрлер, ән-жырмен өрілген асыл өнер, домбыра шанағынан төгілген күй, жаныңды жадыратқан қара сөз, фразеологизмдер, паремиялық қор барлығы жинақтала келіп, рухани ұлттық мәдениетті жасайды. Рухани мәдениет ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық таным-түсінікке негізделеді. Бір орталыққа ұйыған халықтың адами, кісілік әлеуеті тілінде, фразеологиялық оралымдарында, мақал-мәтелдерінде сақталады. Ұлттың мінез-құлқын, ойлау жүйесін тілден тыс түсіну, тану қиын іс. Тілдік жүйеміздің ішкі мазмұнын, ұлтымызға тән рухани-мәдени байлығын тұла бойына сіңіріп, сақтап бүгінгі ұрпаққа жеткізіп отырған ана тіліміздің қадыр-қасиеті оның танымдық қызметімен тікелей байланысты. Орта ғасырлық мұралардағы ғаламның тілдік бейнесі әуелгі тұста фразеологиялық оралымдар, олардың біртұтас мән-мағынасынан байқалады. Олар ұлттық менталитетті жинақтап, мөлдіретіп көрсететін тілдік бірліктер. Зерттеушілердің мынадай пікірі бұған толық дәлел бола алады: Ғаламның тілдік бейнесі тілдің функционалды құралдарымен қалыптасады, яғни тұтас тілдік жүйеден байланысқа түсуге қажетті және жиі пайдаланылатын фразеологизмдермен қатар, басқа да тілдік бірліктерді таңдап алуымен ерекшеленеді. Тұрақты тіркестер тек екінші туып тұрған суретті атау емес, ұлттық дүниетанымның, рухани мәдениеттің таңбасы. Осы саланы көп зерттеген ғалым В.Н.Маслова былай

дейді: «тілдік бірліктің мәдени маңыздылығын (яғни «мәдени білім») фразеологизмнің немесе басқа тілдік бірліктің прототиптік жағдайын, оның символдық оқылуын лингвист ана тіліне белгілі немесе ұсынуы мүмкін мәдениеттің «кодтарымен» байланыстыру негізінде білдіруі»[5,10]. Бүгінгі таңда тіл мен мәдениеттің, тіл мен ұлттық дүниетанымның сабақтастығын қазіргі тілдік сипаты тұрғысынан ғана емес, тарихи тұрғыдан ізерлей қарастыру аса маңызды. Дүниетанымдық ақпараттарға тұжырымдарымызды негіздей отырып, қазақ халқының өзіндік, басқаларға ұқсас келе бермейтін өзгешелігін қазіргі тілдік деректермен қоса байырғы тілдік деректерге, жазба жәдігерліктер мәтінінде ұшырасатын рухани-мәдени ұстанымдарға негіздей зерделеп, дүниетанымдық байланыстылық тінін анықтау аса керек іс. Тіл – рухани мәдениеттің басты көрсеткіші болғандықтан Алтын Орда – Қыпшақ дәуірінде өмір сүрген қыпшақ тайпалары мәдениетінің бүгінгі қазақ ұлтының өміріндегі іздерін тілдің бойынан ғана көруге болады. Академик В.В.Виноградовтың пікіріне жүгінсек: «Белгілі бір ұлттық қауымдастықтың әлеуметтік-мәдени құрылымының оны басқа ұлттық құрылымдардан ерекшелендіретін өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер лексикада көрінеді және онда рухани және материалдық мәдениеттің ұлттық формалары, түрлері мен көріністері туралы ақпарат беретін фондық ақпаратты құрайды», -дейді [6,41]. Сайып келгенде ұлттық мәдениеттің басты ерекшеліктері, көріністері сол ұлттың тілінде сақталады.

Орта түркі дәуіріндегі жазба ескерткіштер сол кезеңнің барлық тілдік байлығын қолданбаса да, фразеологиялық оралымдар арқылы бүгінгі қазақ ұлтына ортақ мәдени, дүниетанымдық мәліметтер бере алады. Мәселен, Біліг қамчысыны елге алып «білім қамшысын қолға алып» [XIII, бр9]. Осы сөйлемдегі *біліг қамчысы* тұрақты тіркесі қазақы ой-танымнан хабар береді: *Қамшы* ат үстінде жүрген дала жұртының негізгі құралы. Жазушы *қамшы* сөзін *біліг* лексемасымен тіркестіріп «ақыл ойдың шапшаңдығын,тездігіні, өткірлігін» білдіріп, бейнелеп жеткізіп отыр.

Фразеологизмдер құрамындағы компоненттерде, яғни жеке сөздерде сөздің ішкі мағыналық тұлғасы арқылы мағыналық реңк, коннотацияда ұлттық ерекшелікті айқындау жағы денотатқа қарағанда басымдау болады [7,158]. Қазақ тілінде «қамшы» бірлігі негіз болған тұрақты тіркестердің мағыналық деңгейі әрқилы: қамшы болу, қамшы боп тию, қамшыдай қату, қамшы ойнату, қамшы үйіру т.б.

– Ақыл тізгініні ким бәрік туттың «ақыл тізгінін берік тұттың» [Г,бр11]. Бұл құрылымда *ақыл тізгіні* оралымы ашуды ақылға жеңдіріп тоқтаудағы сабырлықты, ыждағаттылықты, байсалдылықты *тізгін* сөзін тірек етіп білдіріп тұр. Сайып келгенде ашудың дұшпандығын, оны тежейтін салқын ақыл екенін білдіреді. Жарау ат мінген көшпелі қазақтың жүгені тізгінсіз болса қалай жүреді. Астындағы атыңды жүгеннің тізгіні қажет бағытына бұрса, адамды ақылдың тізгіні сабырға шақырады. Бұл тұста *тізгін* сөзі ұлттық мәдени таңбаны беріп тұр.

– Бүйурды кәлтүрүң қуш салалық «бүйырды: келтіріндер құс салайық» [XIII,80р17]. Бұл сөйлемде *қуш салу* оралымы дала жұртының ежелгі аңшылық кәсібінің түрін білдіреді. Құс салып аң аулау үрдісі түркі халықтарының ішінде бүгінде қазақ пен қырғыздарда жақсы сақталған. Кең жазира далада ит жүгіртіп, құс салған аңшылық өнерді «бір қызық ісім екен сұм жалғанда» деп ұлы Абай жоғары бағалаған. *Құс салу* оралымы қазақтар мен Алтын Орданы мекендеген қыпшақтарға ортақ этнографизм.

Тұрақты тіркестердің тұла бойында жинақталған тілді алып жүрушінің күнделікті дағды-дәстүріне, рухани мәдениеті мен дүниетанымына, діни таным-түсінігіне, тіпті сұлулықты, әдемілікті бағалау талғамына байланысты болып келетін қандай да бір оқиғаның, құбылыстың ықпалы зерттеушіні негізінен көне наным-

сенімдер, тұрмыстық салт-дәстүрлер, әлеуметтік-тарихи құбылыстар әлемін зерттеуге шақырады [8, 245]. Мысалы, Кішігә тегмәсүн көз «кісіге көз тимесін» [Мн,28в5]. Осы сөйлемдегі «біреудің назары түсіп ауру» мағынасындағы *көз тегмәсүн* оралымы қазіргі қазақы ұғым-түсініктен алыс емес. Қазақ халқында сәбиге, әдемі, көркем бойжеткенге, тұлпар атқа көз тиеді, тіл өтеді деп елдің көзінен тасалап ұстау ырымы бар. «Көз тию» ұғымы ерте замандардан жетіп біздің заманымыздағы қазақтардың салт-санасынан, таным-түсінігінен орын алған. Ауылда назары өткір адамдарға жас баланы, жүйрік атты тасалап көрсетпейтін әрекетті талай байқадық.

Қандай да бір халықтың, әр заман адамдарының өздерін қоршаған табиғатқа, қоғамдық ортаға, жанды-жансыз тіршіліктің әдемілігіне көз қарастары әр деңгейде болуы ғажап емес. Сұлулық, әдемілік белгілерін суреттеп бейнелеуде ұлттық мәдени дүниетаным, қоғамдық орта, әлеуметтік жағдаят, құбылысты тану ерекшеліктері байқалады. Алтын Орда тұсындағы жазба жәдігерліктерде жырлаған оқиғасына орай сұлу қыздың бейнесін беруде, неше түрлі ойнақы сөз оралымдары қолданылғанын көреміз. Мысалы, *ай йүзім, йүзі гүл, йүзі күн, пістә ағыз, толун ай, шәкәр ерін, күн күзгүсү (күн айнасы), күнәш йүзли (күн жүзді), Юсуф жамалы, он төртінчи түннүң толун айы*. Осы сөзбен салынған суреттегі сұлу қызды ай мен күнге салыстыру қазақ әдеби тілінде де кең тараған. Мысалы, Он төртінші айдай боп, Түседі кімнің көзіне [9,296]. Көз тартар әдемілікті, жүрек жылытар сұлулықты қазақ халқы толған аймен салыстырып барып таниды.

Осы келтіріп отырған тұрақты тіркестердің тұла бойынан, берген мағынасынан ұлттық-мәдени бейне анық байқалады. Сайып келгенде бұл ұлт өкілдерінің әлем, ғалам, әдемілік жайлы бейнелі, образды таным-түсінігі.

Ғаламның тілдік бейнесін тек тұрақты тіркестер бойынан ғана емес, жеке тілдік бірліктердің бойынан да көруге болады. Мәселен, қазіргі қазақ тілінде «жақсы елші елдестіретер, жаман елші жауластырар» деген мақал бар. Ымыраласу, татуласу, жоқ жерден жау іздемеу қазақ жұртының ежелгі мінезі. Егемен еліміздің сыртқы, ішкі дипломатиясында, саяси қызметінде жиі пайдаланылатын *елші* лексемасы орта түркі дәуірінде әлеуметтік өмірде де, жазба мұраларда да өте жиі қолданылған, саяси мәдени маңызы зор тілдік бірлік. Дерекке жүгінсек, ызалым елчи келтүрсүнләр аны [XIII,29а 20]. *Елші* сөзінен тарихи тамыры тереңде жатыр, көне түркі тілінде «елші, хабаршы» мағынасымен қатар «елбасы, көсем» мағынасы да бар. *Елчи бег* фраземасы де кездеседі. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» атты дидактикалық шығармасында елшінің жеке басына терең түсініктеме берілген: *Елшілікте сөздің құны бағалы, Бір ауыз сөз елдің тілін табады*. Қыдырғали би Қосымұлының «Жылнамалар жинағында» *елші* лексемасы «достастырушы, келістіруші» мәнінде қолданылады. Қазақ хандығы тұсында елбасқару ісінде, көрші елдермен қарым-қатынас жасауда елшінің атқаратын қызметі өте маңызды болған. Қазіргі Жаңа Қазақстанның сыртқы саясатындағы *елші* сөзінің мағынасы өте зор. *Елші* - сыртқы қатынас органдарының дипломатиялық қызметкерлеріне берілетін жоғарғы дипломатиялық дәреже. Алыс-жақын шет елдерге, тіпті тайпа, ру аралық мәселелерде елші жіберіп елдесу, ынтымақтастыққа ұмтылу, ел іргесін берік сақтау қазақ жұртының әлмисақтан келе жатқан мақсат-мұраты болып табылады. Елші сөзінің астарында қазақ ұлтының Мәңгілік ел болу арманы жатыр.

Қорытынды. «Тіл мен ұлт біртұтас» заңдылығымен байырғы қыпшақтық мәдениет пен бүгінгі қазақ дүниетанымының ортақтығы, жалғастығы жазба мұралардағы тілдік мәліметтерге табан тірей зерттелгенде ғана қаншама жүзжылдықтар бойы арқауы сөзінемей жалғасып келген ғаламның тілдік бейнесі байқалады. Тіл мен таным үдерістерінің сабақтастығын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне

сүйенеді. «Тіл–ойлау–таным» байланыстылығы инсанның, тіршілік иесінің рухани-мәдени өмірінде, өмір сүру тәжірибесінде дұрыс деп таныған құндылықтарын көрсетеді. Рухани және мәдени құндылықтар желісінде тіл және дүниетаным жалғастығын көрсететін мәндер белгілі бір құрылымдық сипатқа ие болады, жеке атау сөз, тілдік бірлік, тұрақты тіркес, тіпті мақал-мәтел деңгейінде өрістейді. Тұтас ұлттың рухани, мәдени дүниетаным кеңістігін құрайды.

Алтын Орда – Қыпшақ дәуірі жазба жәдігерліктері мәтініндегі осындай фразеологиялық оралымдар мен тілдік бірліктер сөз жоқ ұлттық менталитеттен рухани-мәдени мәлімет береді. Сонымен қатар бұл мәліметтер қазақы ой топшылау жүйесімен, дүниетаныммен, салт-дәстүрмен астарласып, сабақтасып тіл мен ұлттың тарихтың ұзын жолынан түзілген бірлігін, тұтастығын көрсетеді.

Байырғы қыпшақ ұлыстары жазба жәдігерліктерінің сөздік қорындағы фразеологиялық оралымдар мен тілдік бірліктерге этнолингвистикалық, этномәдени саралау нәтижесі Ұлы Дала мәдениетінің жүзжылдықтар бойы үнемі сабақтастықта қалыптасқан ғаламның ұлттық тілдік бейнесін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Караулов, Ю.Н. Словарь как компонент описания языков: Принципы описания языков мира [Текст] / Ю.Н. Караулов – Москва, 1976

2 Нұрдәулетова, Б.И. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі [Текст] / Б.И. Нұрдәулетова // Филол. ғыл. докт. авторефераты – Алматы, 2008

3 Корнилов, О.Я. Языковые картины мира как производные национальных менталитетов [Текст] / О.Я. Корнилов, О.Я. // 2-е изд., испр. И доп. – М.: ЧеРо, 2003. – С. 326.

4 Қайдаров, Ә.Т. Тарихи лексикология және этнолингвистика [Текст] / Ә.Т. Қайдаров // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері – Алматы: Ғылым, 1988. – 33-39 б.

5 Маслова, В. Введение в лингвокультурологию [Текст] / В. Маслова – М.: Наследие, 1997. – 220 с.

6 Виноградов, В.С. Лексические вопросы перевода художественной прозы [Текст] / В. Маслова – М., 1978, с. 160.

7 Смағұлова, Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері прозы [Текст] / Г.Н. Смағұлова – Алматы: Ғылым, 1998. –194 б.

8 Ураксин, З. Сравнительное изучение и этимологизация фразеологизмов в тюркских языках [Текст] / З. Ураксин // Проблемы этимологии тюркских языков. – Алматы: Наука, 1990. – С. 245-246.

9 Кеңесбаев, І. Қазақ тілінің фразеологизмдер сөздігі [Текст] / І. Кеңесбаев – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 356 б.

REFERENCES

1 Karaulov, YU.N. Slovar' kak komponent opisaniya yazykov: Principy opisaniya yazykov mira [Dictionary as a component of language description: Principles of description of the languages of the world]. Moskva, (1976) – (In Rus)

2 Nurdauletova, B.I. Zhyraular poetikasyndagy dunienin konceptualdyk beinesi [Conceptual image of the world in the poetics of the Zhyraus]. Filol. ғыл.dokt. avtoreferaty. Almaty, (2008) – (In Kaz)

3 Kornilov, O.YA. YAzykovye kartiny mira kak proizvodnye nacional'nyh mentalitetov [Language pictures of the world as derivatives of national mentalities]. 2-e izd., ispr. I dop. – М.: Chero, (2003): 326 s. – (In Rus)

4 Kaidarov, A.T. Tarihi leksikologiya zhane etnolingvistika [Historical lexicology and ethnolinguistics]. Kazakh tili tarihi leksikologiyasynyn maseleleri. Almaty: Gylym, (1988): 33-39 b. – (In Kaz)

5 Maslova, V. Vvedenie v lingvokul'turologii [Introduction to linguocultural studies]. М.: Nasledie, (1997): 220 s. – (In Rus)

6 Vinogradov, V.S. Leksicheskie voprosy perevoda hudozhestvennoj prozy [Lexical issues of translation of fiction]. М.,(1978): 160 s. – (In Rus)

7 Smagulova, G.N. Magynalas frazeologizmderdin ulttyk-madeni aspektileri prozy [National and cultural aspects of meaningful phraseological units]. Almaty: Gylym, (1998): 194 b. – (In Kaz)

8 Uraksin, Z. Sravnitel'noe izuchenie i etimologizaciya frazeologizmov v tyurkskih yazykah [Comparative study and etymologization of phraseological units in the Turkic languages]. Problemy etimologii tyurkskih yazykov. Almaty: Nauka, (1990): 245-246 s. – (In Rus)

9 Kenesbaev, I. Kazakh tilinin frazeologizmder sozdigi [Dictionary of phraseological units of the Kazakh language]. Almaty: KazAkparat, (2007): 356 b. – (In Kaz)

КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ МОДЕЛЬ МИРА В ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКАХ ЗОЛОТООРДЫНСКО-КИПЧАКСКОГО ПЕРИОДА

Аннотация. В статье представлен всесторонний анализ языка письменных памятников эпохи Золотой Орды и показано их созвучие с духовной культурой казахов. Литературные произведения данной эпохи написаны на смешанном огузско-кыпчакском языке. Однако важна точка зрения польского тюрколога А.Зайончковского, который писал, что «в XIII веке сформировался единый тюркский язык». Несмотря на то, что в письменном наследии данной эпохи присутствовал смешанный язык, научные исследования доказали преобладание в нем кыпчакских элементов. Кыпчакский язык имел статус международного языка и звучал из всех уголках Евразии. Несмотря на то, что у власти находились династии монгольского происхождения, в письменных памятниках доминировала кыпчакская культура. Поэтому основной целью исследования является раскрытие концептуальной модели мира посредством языковых явлений, с учетом языковых процессов, основанных на мировоззренческой общности древней культуры кыпчаков и современной казахской культуры, а также на концепции «язык и этнос как единое целое».

Для достижения данной цели сделан этнокультурный анализ фразеологизмов как хранителей и носителей концептуальной модели мира.

Посредством этнолингвистического и этнокультурного анализа фразеологизмов в языке литературного наследия древних кыпчаков показаны национальная языковая картина мира и концептуальная модель мира, сформировавшаяся на протяжении веков в культуре Великой степи.

Ключевые слова. письменные памятники, концептуальная модель мира, фразеологизмы, кыпчаки, духовная культура.

CONCEPTUAL MODEL OF THE UNIVERSE IN THE WRITTEN HERITAGE OF THE GOLDEN HORDE-KIPCHAK ERA

The article examines the written monuments of the Middle Ages as an integral linguistic heritage. Based on a comprehensive study of the language of written monuments, their

consonance with the spiritual culture of the Kazakhs is shown. An attempt has been made to reveal the linguistic picture of the world through linguistic phenomena on the basis of the ideological commonality of the ancient Kipchak culture and modern Kazakh culture, identifying language and ethnicity as a single whole. To achieve this goal, an ethnocultural analysis of phraseological units as guardians and carriers of the linguistic picture of the world was made.

Specific data substantiate the ability of stable phrases in the language of written monuments to transmit cultural information about the national mentality. This testifies to the unity, commonality and integrity of the language with the worldview, the cultural tradition of the Kazakhs, which originates from the origins of time.

The article was prepared within the framework of the project AR 19679282 “The language of written monuments of the Middle Ages - the world of spiritual and cultural values”

Key words. monuments of writing, linguistic picture of the world, phraseology, Kipchaks, spiritual culture.